М. Елеуов
Д. Талеев
С. Есен
Ы. Құрманиязов
А. Молдахмет

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.1.288.293

Мадияр Елеуов[1], madiareleyov@mail.ru,
Докей Әбдікәрімұлы Талеев[2], doc19_59@mail.ru,
Сырым Есен[3], syrym.e@mail.ru,
Ыслам Құрманиязов[4], yslam.kurmaniyazov@gmail.com,
Архад Молдахмет[1], arhadkz@mail.ru
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан;
[2]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы қ., Қазақстан
[3]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан;
[4]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан;

Қышқала қаласының мерзімделу мәселесі: 2021–2022 жж. жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері бойынша

2021–2022 жылдар аралығында ортағасырлық Қышқала қаласында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында қаланың орталық бөлігі мен шаруашылық аймағында орналасқан 4 нысанға қазба салынып, зерттеу жұмыстары барысында ашылған құрылыстар, одан табылған қыш ыдыстар мен құрылыс материалдары жинақталды. Мақалада орталық бөлікте салынған стратиграфиялық кесіктің (тереңдігі 4 м) ең төменгі бөлігінен анықталған шұңқырдан алынған күл топырағына жүргізілген зертханалық зерттеулердің алғашқы нәтижелері жарияланған. Бұл зерттеу ескерткіште 2018 ж. бастап жүргізіліп келе жатқан археологиялық қазба жұмыстарының жалғасы. Сонымен қатар мақала кіріспесінде Қышқаладағы археологиялық зерттеулердің қысқаша тарихы баяндалады.

Түйін сөздер: Қышқала, ортағасыр, Алтын Орда, қазба, жоба, зертхана, кесік, құрылыс, теңгелер

Мадияр Елеуов[1],
Докей Абдыкаримович Талеев[2],
Сырым Есен[3],
Ислам Курманиязов[4],
Архад Молдахмет[1]

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан;
[2]Институт археологии им. Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан;
[3]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан;
[4]Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
г. Кызылорда, Казахстан

© 2023 ж. Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Құрманиязов Ы., Молдахмет А.

Вопросы периодизации городища Кышкала: результаты исследований в 2021-2022 гг.

В ходе археологических исследований, проведенных в период с 2021 по 2022 гг. на средневековом городище Кышкала, были проведены раскопки на 4 объектах, расположенных в центральной части городища и в хозяйственной зоне. В ходе исследовагний были изучены сооружения, коллекция керамики и строительные материалы. В статье опубликованы первые результаты лабораторных исследований проб угля, обнаруженного в нижней части стратиграфического разреза (глубина разреза 4 м), расположенного в центральной части городища. Оно было проведено в 2018 году. Археологические исследования продолжаются. В водной части статьи изложена краткая история археологических изысканий, проведенных на городище Кышкала.

Ключевые слова: Кышкала, средневековье, Золотая Орда, раскопки, проект, лаборатория, разрез, строительство, монеты

Madiyar Eleuov [1],
Dokey Taleyev[2],
Syrym Yessen[3],
Yslam Kurmaniyazov[4],
Arhat Moldakhmet[1]
[1]Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan;
[2] Margulan Institute of Archaeology,
Almaty, Kazakhstan;
[3]L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan;
[4]Korkyt Ata Kyzylorda University,
Kyzylorda, Kazakhstan;

**The problem of periodization of the city of kishkala:
2021–2022 based on the results of the excavations carried out**

In the course of archaeological research conducted in the period from 2021 to 2022 in the medieval settlement of Kyshkala, excavations were carried out at 4 sites located in the central part of the city and the economic zone, during which structures, ceramics and building materials found in them were discovered. The article publishes the first results of laboratory studies revealed in the lowest part of the stratigraphic section (4 m deep) located in the central part. This study was conducted in 2018, and archaeological excavations are continuing. In addition, a brief history of archaeological research in the Kyshkala settlement will be presented in the introduction to the article.

Keywords: Kyshkala, the Middle Ages, the Golden Horde, excavations, project, laboratory, incision, construction, coins

2018 жылдан бері тұрақты түрде жүргізіліп келе жатқан қазба жұмыстары барысында Қышқалада бірнеше әлеуметтік және қоғамдық маңызға ие нысандардың орындары ашылды. Мұсылман стилінде салынған күмбезді екі кесененің, қыш күйдірген пештің, сегіз қырлы қос қақпалы сәулетті әлеуметтік ғимараттың орындары қазылды. Айтылған нысандарда жүргізілген қазба кезінде табылған заттай деректер мен құрылыстардың сәулеттік ерекшеліктері мен сапалық сипаттары қаланың өркендеген тұсында осы өңірдегі сауда мен экономикасы, мәдениеті мен рухани тіршілігі жақсы дамыған орталықтардың бірі болғандығын аңғартады.

2021 жылы Қышқала қаласының орталық бөлігінің солтүстік-батыс бұрышынан 45 м жердегі биіктігі 2,5–3 м болатын дөңнің үстіне стратиграфиялық қазба салынды (қазба 9). Қазбаның көлемі 8х2 м, тереңдігі 2,5–4,5 м. (1-сур.). Кесіктің ең бөменгі қабатынан алынған көмір сынамасының зерханалық сараптама көрсеткіші XI ғ. көрсетті. Сараптама нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген (1-кесте).

2022 жылы мамыр-маусым айларында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры М. Елеуов басқарған «Университет археологиялық экспедициясы» Қызылорда облысының Сырдария

1–кесте – 4 м тереңдіктен алынған сынама бойынша абсолют уақыт көрсеткіші
Table 1 – The absolute date indicator, extracted from a depth of 4 m
Таблица 1 – Показатель абсолютной даты, извлеченный с глубины 4 м

№ п/п	Идентификатор образца	Шифр образца	Абсолютный возраст, BP	Калиброванный возраст (2σ) calAD
1	KiSKALASTRAt. 4 m, Кышкала (уголь)	SPb_3768	974±30	**999-1159**



1-сур. Қышқала қаласы. 2021 жыл. № 9 қазба. Сынама алынған тұстар
Fig. 1. The settlement of Kyshkala. 2021. Excavation trench nr. 9. Sampling points
Рис. 1. Городище Кышкала. 2021 год. Раскоп № 9. Места отбора проб

ауданында орналасқан Қыштөбе (Қышқала) қаласында археологиялық қазба жұмыстарын жалғастырды.

2022 ж. қарапайым қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, материалдық мәдениеті мен әлеуметтік өмірі жайлы мәлімет жинау мақсатында Қышқала қала жұртының орта тұсына қазба салынды (қазба 11). Қазбаның жалпы көлемі 18х20 м, тереңдігі 0,3 м ден 1 м ге дейін жетті. Қазба барысында жердің бетінен 20–30 см тереңдікте үй құрылысының құламай қалған іздері шыға бастады. Үй құрылыстарының сақталу деңгейі өте нашар, көп бөлігінде қабырғалары бұзылып кеткен [Елеуов және т. б. 2022: 13–17]. Бұзылмай қалған тұстарындағы қабырға қалдықтарының биіктігі 25–30 см, кейбір жерінде екі, кей тұста төрт қатар қаланған кірпіштер сақталған. Қазба барысында қабырғалары дүниенің төрт тарапымен бағыттас жатқан үлкен тұрғын үй ғимаратының кешені ашылды. Үй ортасын үзын аула бөліп тұрған 8 бөлмелі болғаны анықталды. Үй ішіндегі бөлмелердің кейбір қабырғалары мен ташнау, ошақ, тандыр құрылыстары күйдірілген кірпіштерден қаланыпты. Бірінші бөлменің сыпасының үстіне де төртбұрышты күйдірілген кірпіштер төселген. Кірпіштердің көлемі 25х25х5; 26х26х5 см. Бөлмелердің ішінен сырланған және сырланбаған ыдыстар мен күнделікті тұрмыста қолданылған және ас пісіруге, ас ішуге арналған ыдыстар мен ірі қара және ұсақ мал сүйектері, балықтың, құстың қаңқалары табылды, тіпті ұсақ жәндіктердің сүйектері де шықты. Бөлмелердің көлемдері де әртүрлі, көпшілігі ұзынша келген. Бөлме ішіндегі құрылыстар көпшілік жағдайда сақталмаған. Қазба барысында 3-бөлменің шығыс қабырғасының түбінен бір мыс теңге шықты (2-сур.).

Теңгенің сақталу сапасы орташа. Ресейлік нумизмат П.Н. Петровтың анықтауы бойынша табылған



2-сур. Қышқала қаласы. 2022 жыл. № 11 қазба. 3-бөлмеден табылған мыс теңге. Баршынкентте соғылған

Fig. 2. The Kyshkala urban site. 2022. Excavation trench nr. 11. A copper coin from room 3. Minted in Barshynkent

Рис. 2. Городище Кышкала. 2022 год. Раскоп № 11. Медная монета из комнаты 3. Чеканена в Баршынкенте

теңгенің көлемі 18,92×18,47 мм, салмағы 1,26 гр, қалыңдығы 0,73 мм. Баршынкентте хиджра бойынша 768–769 ж. Мүбарәк ханның тұсында соғылған. Бетінде Тұқа-Темір хан әулетінің таңбасы бар. Қышқалада жүргізіліп жатқан қазбадан табылған Баршынкентте соғылған теңге қаланың Баршынкент екендігін толық растайды. Қазба барысында 7-бөлменің еденінен ортасында төртбұрышты тесігі бар қытай теңгесі шықты. Тянь Шэн юань Бао билігінен шыққан Сун әулетінің мыс монетасы екендігі белгілі болды. Біз тапқан теңгеге ұқсас қытай теңгесінің интернет желісінен алынған нұсқасы төменде көрсетілген (3-сур.). Монета 1023–1031 жж. аралығымен мерзімделеді [Китайская песня: Интернет ресурс]. Бір құрылыс қабатынан табылған екі теңгенің мерзімделуі екі түрлі. Бірақ бұл ұзақ уақыт қолданыста жүретін металл теңгелер үшін кездейсоқтық деп ойламаймыз. Керісінше сауда қатынастарының халқаралық деңгейін көрсететін дәйек деп қарауға болады. Қытайдан батыс елдерге өтетін сауда керуендерінің Сырдария өзенін жағалап осы қала арқылы өткені анық.

Қаланың соңғы тіршілігінен мерзімдік мәлімет пен халықаралық сипаттағы қарым қатынасы жайлы хабарлайтын тағы бір олжа 8 – бөлмеден табылды. Ол қоладан жасалған бетінде жазу мен өрнегі бар, сырттай қарағанда киіз үйге ұқсас құтының бір бөлігі табылды (4-сур.). Құтының жоғарғы жағы болмады, ал астыңғы қаңылтыр түбі шіріп кетіпті. Дәл осыған ұқсас құтыны интернет желісінен таптық. Рух деген атаумен жарияланған құтының шыққан жері мен жасалған уақыты анық көрсетілген. Интернет желісінде жарияланған бұл өнер туындысы конус тәріздес етіп мыстан жасалған киіз үй тәріздес құты. Оның сыртқы қабырғасы ішінде IHS (Иса) деген жазу бар 4 шеңбер салынған. Шеңбер ішіндегі жазудың айналасы ақ және көк түстермен инкруста́ция жасалған. Шеңбердің сыртқы жағы өсімдік нақышындағы өрнектермен безендірілген. Нақыштар мен жазудың беттеріне алтын жалатылған сыр жағылған. Діни мақсатта қолданылған құтыға ұқсас бұйымның 1250 – жылдары Францияның Лимож қаласында жасалғаны жазылған. Құты американдық әйгілі филантроп Майкл Фридсамның (1860–1931) коллекциясында сақталған [Рух: Интренет ресурс]. Біз тапқан бұйым осы айтылған құтыдан айнымайды. Өлшемдері мен сыртқы өрнегі, нақыштары және сырлары да ұқсас. Тек материалында аздап айырмашылық бар. Қышқаланың құтысының жоғарғы жағы табылмады және материалында қола басым. Екі заттың да шығу төркіні бір екендігі анық. Олай болса батыста жасалған бұл бұйым Сыр бойындағы қала тіршілігінің соңғы кезеңдерінде қандай да бір сауда керуенімен немесе елшілік сапары арқылы жеткен болуы мүмкін. Жазба деректер бойынша осы уақыт аралығында Сырдария өңірі арқылы Европадан Плано Карпини мен В. Рубрук [Плано Карпини 1993: 41], одан кейін армян патшасы Гетумның елшілігі Қарақорымға қарай өткені белгілі [Киракос 1976: 224]. Біз тапқан олжа Қышқалаға



3-сур. Қышқала қаласы. 2022 жыл. № 11 қазба. 7-бөлмеден табылған қытай теңгесі

Fig. 3. The Kyshkala urban site. 2022. Excavation trench nr. 11. A Chinese coin from room 7

Рис. 3. Городище Кышкала. 2022 год. Раскоп № 11. Китайская монета из комнаты 7

солардың бірімен келуі де мүмкін деген болжам жасауға да келеді.

Қорытынды

Қышқалада 2021–2022 жж. жүргізілген қазбадан алынған көмір сынамасының сараптамалық нәтижелері мен табылған заттай деректердің салыстырмалы сипаты (қыш ыдыстар, теңгелер, қола құты) қаланың іргесі XI ғ. қалыптасып, Алтын Орда дәуірінде үлкен мәдени, сауда-экономикалық және рухани орталыққа айналғандығын анықтады. Ал қала тіршілігінің тоқтауы XIV ғ. соңына мен XV ғ. басына сәйкес келетіндігі белгілі болды. Қала тіршілігінің бірден құлдырап, тоқтауы белгісіз. Оның себептерін анықтау мақсатындағы зерттеулер жалғасуда.



4-сур. Қышқала қалашығы. Қазба 11. 8-бөлмеден табылған қола құты

Fig. 4. The Kyshkala urban site. Excavation trench nr. 11. The bronze casket from room 8

Рис. 4. Городище Кышкала. Раскоп № 11. Бронзовая шкатулка из комнаты 8

Археологияның басты мақсаты осындай қала орындарында қазба жүргізіп, алынған мәліметтер негізінде еліміз бен халқымыз тарихының зерттеуі жетпей жатқан тұстарын ашу болып табылады. Қазба барысында табылған заттай жәдігерлер мұзей қорларына өтізілуде. Олардың бірқатары күнделікті экспозицияларда жалпы жұрттың тарихи танымын өсіру мақсатымен көпшілікке көрсетілуде. Арнайы көрмелер қарапайым халықтың рухани байлығын арттыру мақсатында қызмет етуде. Дегенмен, көптеген жәдігерлер қалпына келтіру, зерханалық сараптама жасау, оларды сақтау және ғылыми талдау секілді шаралардан тыс қалып жатыр. Қазылған қаншама маңызды нысандар әрі қарай жүргізілетін қатыру, қалпына келтіру, туристік бағдарламаларға енгізу секілді қорғау, ғылыми пайдалану шараларына мұқтаж болып, жыл санап, табиғи және физикалық әсерден жойылу үстінде. Осы айтылған шаруаларды жүзеге асыру біздің басты әлсіздігіміз болып отыр.

ӘДЕБИЕТ

Елеуов М., Есен С., Құрманиязов И., Молдахмет А. Қышқала қалажұртында 2022 ж. жүргізілген қазба жұмыстары // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұралары: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIV Оразбаев оқулары» халқаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 13–17 бб.

Киракос Гандзакеци История Армян. М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1976. 359 с.

Плано Карпини Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Гылым, 1993. 248 с.

Китайская песня (1023 г.н.э.) Тянь Шэн Бао подлинная китайская древняя монета # 40243. URL: https://www.collectors.com/coin/china-song-1023-ad-tian-sheng-yuan-bao-genuine-chinese-anci/-738998128207442468 (дата обращения 20.03.2023)

Рух. URL: https://www.metmuseum.org/art/collection/search/467490 (дата обращения 20.03.2023).

REFERENCES

Eleuov, M., Esen, S., Kurmaniazov, I., Moldakhmet, A. 2022. In: Zhumataev, R. S. (ed.). *XIV Orazbaev Okulary (14th Orazbayev Readings)*. Almaty: "Kazakh University" Publ., 13–17 (in Kazakh).

Kirakos Gandzaketsi. 1976. *Istoriya Armyan (The History of Armenians*). Moscow: "Nauka" Publ. (in Russian).

Plano Carpini. 1993. *Puteshestviya v vostochnye strany Plano Carpini i Giloma de Rubruka (Travels to the eastern countries by Plano Carpini and Guillaume de Rubrouck)*. Almaty: "Gylym" Publ. (in Russian).

Kitayskaya pesnya (1023 g.n.e.) Tyan' Shen Bao podlinnaya kitayskaya drevnyaya moneta # 40243 (Chinese Song 1023 AD. Tian Sheng Bao Genuine Chinese Ancient Coin #40243). URL: *https://www.collectors.com/coin/china-song-1023-ad-tian-sheng-yuanbao-genuine-chinese-anci/-738998128207442468* (accessed: 20.03.2023) (in English).

Rukh. URL: https://www.metmuseum.org/art/collection/search/467490 (accessed: 20.03.2023) (in English).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 22.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 22.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.